



Газет 1931 жылдың  
5 тамызынан шыға бастады

# Ақжетік арайы



№22 (1246)

4 маусым  
2024 жыл

Газет әр аптаның  
сейсенбі күні шығады

www.mangystaumedиа.kz

## ЗҮЛМАТ ЖЫЛДАР

# ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛДЫ



Коллаж А.Рабаева

**Халқымыздың тарихында мерей тасыған мәртебелі дәуірлерімен қатар, «тар жол тайғақ кешкен» тақсыретті кезеңдердің де аз болмағаны ащы ақиқат.**

Өткеннің өкінішті тұстарын еске алсақ, 1925 жылы елімізді басқаруға келген Филипп Голощекин «Кіші Қазан» төңкерісін жүргізуді ұстанды. Соның салдарынан ұлт зиялылары жаппай қуғындаудың құрбаны болды. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұжымдастыру ұранымен науқанға кіріскен белсенділер республикадағы 40 миллионнан астам мал басының қырылуына әкеп соқтырды. Ашаршылық жылдарында елімізде 1,5 миллионға жуық адам қайтыс болды.

Форт-Шевченко қаласында қуғын-сүргін құрбандарына арналған

ескертіш алаңына жиналған жұртшылық саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алып, жазықсыз жапа шеккен жандардың рухтарына тағзым етті.

Шараға жиналған мекеме басшылары мен қызметкерлер, ардагерлер мен жастар саяси қуғын-сүргін құрбандарына арнап құлпытасқа гүл шоқтарын қойды.

Қазақ халқының жарқын болашағы үшін Алаш қайраткерлерінің рухтарына арнап аудандық орталық мешітінің имамы құран бағыштады.

Шара орталықтандырылған кітапхана ғимаратында «Зұлмат жылдар зардабы» дөңгелек үстелімен жалғасты.

Шара аясында ардагерлер сол бір жылдарды еске алып, жастарымыз өлең жолдарымен жалғады. Шарада «Репрессия құрбандарынан» мұрағат және кітап көрмесі өтті.

## ИНВЕСТИЦИЯ

# «ҚАЛАМҚАС-ХАЗАР ОПЕРЕЙТИНГ» КОМПАНИЯСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ ҚАНДАЙ?

Аудан әкімі Рахат Елтизаров «Қаламқас-Хазар Оперейтинг» компаниясының бас директоры Андрей Вячеславович, бас директордың бірінші орынбасары Нұрболат Шафиқұлы, бас директордың өндіріс саласы бойынша орынбасары Николай Валерьевич, бас директордың корпоративтік басқару бойынша орынбасары Олжас Талапұлын қабылдап, бірқатар мәселелерді талқылады.



Коллаж А.Рабаева

«Қаламқас-Хазар Оперейтинг» компаниясымен кездесуде мекеменің қазіргі таңда атқарып жатырған жұмыстары сөз болып, алдағы жоспары талқыланды. Негізгі жұмыстар басталған уақытта ауданның бірқатар тұрғынын жұмыспен қамтиды. Сонымен бірге шетелдік оқу орындарымен серіктестік құрып, Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжімен қысқа мерзімді курстарды ұйымдастыру мәселесі де қозғалды.

Кездесуден соң «Қаламқас-Хазар Оперейтинг» компаниясының басшылығы бірқатар нысанды аралады.

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЭКОАКЦИЯСЫ

Елімізде республикалық экологиялық «Таза Қазақстан» акциясы жалғасып жатыр. Акцияның аты айтып тұрғандай, оның мақсаты – азаматтарды өз ауданы мен ауылын, ауласын таза ұстап, көшет отырғызуға үндеу.

# САЙЫН АУЫЛЫНДА 1000 АҒАШ ЕГІЛДІ



Жалпыхалықтық экологиялық науқанға бүгінгі таңда жастар, ардагерлер, қоғам қайраткерлері, түрлі кәсіпорындардың қызметкерлері, тіпті мектеп оқушылары да белсенді қатысу үстінде. Олар аулаларды көгалдандырып, ағаштарды суарып, туған қаласы мен ауылын күл-қоқыстан тазартып келеді.

Акция аясында Түпқараған ауданы Сайын Шапағатов ауылының орталық саябағына 1000 көшет отырғызылды. Ағаштар демеуші компанияның туған жеріне сыйлығы. Саябақ 214 тал шығыс туясы, 59 тал американдық үйеңкімен толықтырылды. Тағы 207 тал ақтерек, 69 тұт ағашы, 65 Гиннала үйеңкісі отырғызылды.

– Егілген көшеттерді күтумен облыстық эксперименттік ботаникалық бақ айналысады, оған 2025 жылға дейін 0,7 га саябақтың аумағы қамқорлыққа берілді, - деп түсіндірді аудан әкімінің орынбасары Дидарбек Жантуаров.

# Балаларға Базарлық

Еліміздің кей өңірлеріндегі су тасқыны жағдайларына қарамастан біз балалардың белсенді және қауіпсіз уақыт өткізуі үшін жағдай жасауды жалғастырудамыз.



Биыл NCOS компаниясы Маңғыстау облысының 2 аудандық және 1 қалалық балабақшасында жаңа ойын алаңдарын орнатты. Бұл ойын алаңдары Маңғыстау облысы Ақтау қаласындағы «Ер Төстік» және аудандық «Балбөбек» және «Ақбота» балабақшаларындағы балалар үшін өте керемет сыйлық болды.

Ойын алаңдарында сырғанақ, өткеншек, құм салынған алаңқайлар сияқты балалардың уақытты қызықты өткізуіне және дамуына арналған барлық заттар бар.

Халықаралық балаларды қорғау күнінде әр бала ерекше қамқорлықты сезінсін! Өйткені бақытты балалық шақ - жарқын болашақ негізі!

Аудан тұрғындары осы бастаманы қолдаған барлық жандарға шын жүректен алғысын білдіріп, жаңа ойын алаңдары балалардың күлкісі мен ұмытылмас сәттерінің орнына айналады деп үміттенеді.

Айта кету керек, NCOS компаниясы Демеушілік және Қайырымдылық бағдарламасы аясында Маңғыстау облысы бойынша соңғы он жылда 34 сыртқы ойын алаңын балабақшаларға тарту етті. Заманауи үлгіде жасалған сыртқы ойын алаңының балабақша жасындағы балалардың физикалық және тұлғалық дамуына әсері мол. Аталған жоба ұзақ мерзімді тұрақты даму стратегиясын көздейтін нәтижесі мол жобалардың бірі саналады.



# ТҮБЕКТЕН ТҮЛЕГЕН ТҮЛЕК АСҚАРАЛЫ 60 жасста

## Құрметті Серікбай Өтелгенұлы!

Кемелдіктің биік шыңы, адам өмірінің айтулы белесі – алты ондыққа абыройлы жетуіңізбен жерлестеріңіз ыстық ықыласпен шын жүректен құттықтайды!

Маңғыстаудың қарашаңырағы – аяулы Ақкетікте өмірге келіп, орта мектепті бітіріп, жастайыңыздан еңбекке араласып, тынымсыз еңбекқорлығыңызбен, талмас ізденісіңізбен кәсіби өсіп, ел сеніміне ие болдыңыз.

Тарихы тереңге тартқан Түпқараған ауданын екі рет басқарып, туған жер төсінде лайықты қолтаңбаңыз қалды. Өлкеміз үшін қиын сәтте төуекелге бел буып, Жаңаөзен қаласында басшылық қызметіңізді абыроймен атқарып, азаматтық қасиеттерге ие болмысыңызбен, жергілікті халықтың ықыласына бөлендіңіз. Ақ маржан Ақтау шаһарын көркейту жолында жасампаз жобалардың жүзеге асуына мұрындық бола білдіңіз. Киелі аймаққа бас болып, ел басына төнген жұтпен де, дертпен де кәсіби шеберлігіңізбен күресе білдіңіз.

Аудандық, облыстық мәслихаттарда, сондай-ақ Президенттің жарлығымен ҚР Парламенті Сенатының депутаты болып, кемеңгер Әбіш аға Кекілбайұлы еселі еңбек еткен Сенат қабырғасында қызмет еттіңіз, тәжірибе жинадыңыз.

Маңғыстау жұртшылығы Сіз көтерген шаңырақты зор құрметпен сыйлайды және үлгі тұтады. Өнегелі отбасынан өркен жайған балаларыңыз қоғам кірпіші боп қаланып, олардан өнген алтын асықтай немере-жиендеріңіз – бүгінде Сіздердің базарыңыз бен ажарыңыз!

Басыңыз аман, бауырыңыз бүтін, туған-туыстың ыстық ықыласына, жерлестеріңіздің ақ пейіліне, дос-жарандарыңыздың зор құрметіне бөленген шағыңызда – алпыстың асуына басқан құтты қадамыңызға Алла тағаланың нұры жаусын!

Сізді Түпқарағанның төл перзенті деп жерлестеріңіз үлкен мақтанышпен айтады! Осы зор құрметтің түп-тамырында Сіздің саналы ғұмырыңыздағы қасықтап жинаған абыройыңыз бен елдегі үлкен беделіңіз жатыр!

Мерейлі жасыңыз құтты болсын, ардақты ел Азаматы!



**Түпқараған ауданының әкімі  
Мәслихат төрағасы**

**Р.ЕЛТИЗАРОВ,  
А.НҰҒМАНОВ.**

## Оның бергенінен әрі берері көп...



– Серікбай Өтелгенұлының азаматтық мінезінің ерекшелігі – көпке үйрлігі, ақлын айтқан, тәжірибесімен бөліскен үлкеннен безінбейтіні, "өзім" деп, соңынан ерген жастарды кеудесінен итермейтіні, ағайын, ру, жүзге бөлінбейтіні. Ол жастай қызу еңбектің ортасында жүрді, кішіпейілдігі мен қарапайымдылығы қай жерде жүрмесін өзіне қанаттас еңбекқор топ құруға, бастаған істің оң нәтижелі болуына жеткізді.

Серікбай Өтелгенұлын бірқатар адамдар ұяңдау көреді. Расында оның бойында қажет жерінде айтуға тиістіден жүрексіңбейтін, елдің мүддесі үшін өз басын қатерге тігуден жасқанбайтын атадан дарыған қайрат-күші, қайсарлығы да бар. Өз басым бірге жұмыс жасай жүріп, ел іші дүрбелеңге түскен сәттерде осы мінездің куәсі болдым. Серікбай Өтелгенұлы – ел бостандық алғаннан кейін қоғамға араласқан Иманғали Тасмағанбетов, Қырымбек Көшербаев, Бердібек Сапарбаевтардың қатарында атауға тұрарлық кризис-менеджерлердің бірі. Оның бергенінен әрі берері көп.

**Айкүміс ДОСАНОВА**  
Түпқараған ауданының Құрметті азаматы.

## Рухани құндылық пен мәдени мұраларға мән берді



– Серікбай Өтелгенұлының мен білетін, осы күнгі басшылардан көп кездесе бермейтін бір қасиеті – рухани құндылыққа, соның ішінде мәдени мұраларға қатты мән беретіні. Бұл кісі аудан басшысы болып тұрған кездерде осы бағытта көп шаруа жасалды. Көк мектептің жөңделуі, қасына қосалқы құрылыстың салынуы, оның ішінде Әбіш Кекілбайұлы мұражайының ашылуы, Ідіріс Серікбайұлының үйінің жөңделуі, Мұрын жырау мұражайының жаңа ғимаратының жобасы жасалуы сондай жұмыстардың бір тобы ғана. Орталық саябаққа жақсы күтім жасалып тұрды. Ал, Иса мен Досан батырларға арналған ескерткіштің тұрғызылуы – бүкіл Маңғыстаудағы ерекше, тарихи оқиға болып еді. Осы жобаны өзі пысықтап, үйлестіріп, облыс әкімінің алдында қорғап, қаражат көзін тауып, бастапқы ой мен идеяның бүкіл аймаққа аты шыққан алып құрылысқа айналуына дейінгі ұшы-қиырсыз көп шаруаны атқарып шығу – туған жеріне, оның тарихы мен ұлы тұлғаларына деген шексіз сүйіспеншілік пен адалдықты бойына жинаған перзентке тән мінез бен тегеурін, табандылықтың көрінісі емес пе!

Серікбай Өтелгенұлының тұсында «Қарашаңырақ» кітабы қайта басылды, өлкеміздің өткені мен бүгініне арналған басқа да кітаптар жарық көрді. Былтыр шыққан «Маңғыстау балықшылары» кітабының да бастауында осы кісі тұр. Осы кітап жайлы еңгіме басталып, дайын дүние болып оқырман қолына тигенше Серікбай Өтелгенұлының қызметі әлденеше рет өзгерді, бірақ, оның өз мақсатына адалдығы мен уәдесінің беріктігіне сызат түскен жоқ.

Ер жігітке тән бір сөзділік, табандылық, тегеурін, туған өлкесіне деген шексіз сүйіспеншілік пен бабалар рухына адалдық Серікбай Өтелгенұлының ақжарқын келбеті мен қарапайым болмысына қалай үйлесіп тұрғанына таң қалам!

Асқаралы алпысың құтты болсын, Серікбайжан! Абыройлы, ақжүзді қалпыңмен қалың еліңнің құрметіне бөленіп, келесі онжылдықтар асуын бағындыра бер, Ақкетіктің АқСерігі!

**Айсағали ҚЫДЫР,**  
Түпқараған ауданының Құрметті азаматы, ардагер-журналист.

## Өмір жолы өнеге

– Қазақ елі әр адамның еңбегіне, ерлігіне қарай жігіттерді "Азаматым" деген ғой. Менің білетін азаматтардың бірі маусымның 3-і күні алпыс жасқа толған Серікбай Өтелгенұлы. Осы өңірдің, әсіресе Ақкетіктің халқы Серікбайдың кім екенін жақсы білетіні белгілі.

Біздің Ақкетіктен жарқырап шығып, өмір биігін бағындырған адамдар аз емес, солардың бірі – Серікбай Тұмов ағамыз еді. Үнемі жастарға қамқор болып, өз ақлын айтып жүретінін көрдік. Өмір жолы өнегеге толы осынау жерлесіміздің жақсы қасиеті қарапайымдылығымен туған жеріне деген сүйіспеншілігі. Жас кезінен-ақ жастар ортасында жүріп, қоғамдық жұмыстармен көзге түскен ағамыздың өміріне зер салсақ, еліне қызмет етуге атсалысыпты.

Туған жері Түпқараған ауданы Серікбай ағаны ерекше құрметтейді. Өйткені ауданымыздың көркеюіне еңбегі орасан зор. Сонымен қатар облыс әкімі болып жүргенде де, пандемия мен шөл шықпай жұт болған кезде де елге бар күш-жігерін салып қызмет етті.

Жоғарыдағы биік мінберлерде қазақ тілінде баяндамалар жасап, ұлтжанды мінезімен қазақ тілді өңір әкімдерінің бірі ретінде есте қалды.

–Ех, туған жер, жан анамдай түсінген, Кетпейсің-ау ойымнан да, түсімнен.

Ораламын қиялымда өзіңе, Сағыныш боп жаным жану үшін мен! – деп, әкім Ысқақ жырлағандай, туған жерімнің туын көтере білген, үнемі халқына қамқор болып жүретін Серікбай ағаның 60 жасы құтты болсын. Денсаулықпен Алла ұзақ ғұмыр беріп, әлі де еліне қызмет ете беруіне тілектесіп.



**Куаныш СҮЙЕУБАЕВ,**  
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

## Мақтан тұтар түлегіміз



– Серікбай Өтелгенұлы білім мен тәрбие алған қарашаңырақтағы тарихы терең мектеп бұл – Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп. Жалау Мыңбаевтай ел тұтқасын ұстап, елдікті ту еткен алыптар білім алған ошақтан жерлесіміз, елдің азаматы Серікбай Өтелгенұлы да қанат қақты. Ұстаздары үлгі тұтатын, мектебі ғана емес, елі мақтанатын азаматтың азаматтығын біз үнемі өз шәкіртіміз деп үлгі етеміз. Елге келсе, есікке енбей кетпейтін кішіпейілдігі мен жанашырлығын үнемі сезініп келеміз. Мектебіміздің күрделі жөндеуден өтуіне, өлкетанушы Е.Өмірбаевтың мұражай бөлмесінің ашылуына да тікелей мұрындық болған еңбегін атамай өтуге болмайды. Мектеп бітіргендеріне 40 жылдығын атап өтіп, балалардың білім алуына мүмкіндік жасап интербелсенді тақта сыйлады. Өзінің үнемі қолдауын сезініп отырамыз. Біз Серікбай Өтелгенұлындай түлегімізбен мақтанамыз! Мерейлі 60 жасында денсаулық, зор байлық, елдік қызметте ұстаздар қауымы мен өзі білім алған мектеп ұжымы және ата-аналары атынан абырой тілейміз! Жақсы шәкірттің аты – мектеп тарихында ғана емес, ел тарихында қалады.

**Айнұр АХМЕТОВА,**  
Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы.



ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ



Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының тапсырыс негізінде «Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесі «ЖАСТАР EQ» жобасын бастады.

# «ЖАСТАР EQ» ЖОБАСЫ

Жобаның мақсаты – жастардың психологиялық мәдениетін қалыптастыра отырып, психикалық, менталдық денсаулығын нығайтып, жастардың эмоционалды интеллектісін (EQ) көтеруге ықпал ету.

Сонымен қатар, олардың өзіне-өзі қол жұмсау фактілерін мейлінше азайту және алдын алу. Аталған мәселеге қоғамның барлық тобын, атап айтқанда, үкіметтік емес ұйым, БАҚ өкілдерін, әртүрлі салада жетістікке жеткен азаматтарды, қоғамдық пікір көшбасшыларын аталған мәселелерді шешуге жұмылдыру.

Жоба Маңғыстау облысының аумағындағы 18-35 жас аралығындағы барлық жасты қамти отырып, 1 мамыр - 30 қараша аралығында жүзеге асады деп жоспарлануда.

Жобаның негізгі мақсатты тобы – Маңғыстау облысының жастары, психолог мамандар, мектеп оқушылары, колледж, университет студенттері, ата-аналар. Жоба командасы сонымен қатар, жобаны қолдаушылармен, пікір көшбасшылары, қоғам белсенділері, серіктестермен және мемлекеттік органдармен бірлесіп қызмет атқаруды көздейді. Жобаға еріктілер мен әлеуметтік желі қолданушылары да қолдау көрсете алады,- дейді ұйымдастырушылар.

**Жоба аясында:**  
– Маңғыстау облысы жастарының кемінде 5%-ы ментальды денсаулық сақтау бойынша ақпараттандырылады;

– Аймақта республикалық сарапшыларды тарта отырып кемінде 5 компонентті (эмоционалды интеллектті дамыту, суицидология, бала психологиясы, адам дағдарысы, ата-ана мен бала қарым-қатынасы және т.б.) оқыту ұйымдастыру арқылы жастарға психологиялық көмек көрсете алатын кемінде 20 коуч-психолог маманы пайда болады;

– Облыс көлемінде 3 психологиялық семинар-тренинг ұйымдастырылады;

– Жастар арасындағы зорлық-зомбылық, суицид, әртүрлі тәуелділіктің алдын алуға бағытталған әдістемелік құрал (практикалық жұмыстар жинағы) пайда болады;

– Жастардың арасындағы әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың алдын алуға бағытталған «ағартушылар десанты» барлық елді мекенде кемінде 5000 жасты қамтитын кездесулер ұйымдастырады.

Айта кетейік, эмоционалды интеллект (EQ) – дененің реакцияларын тез тануға, адамның шынайы ниетін анықтауға, өз күйіңізді басқаруға және басқа адамдардың көңіл-күйін оқуға көмектесетін дағдылар жиынтығы. Эмоционалды интеллекттің дамуы ішкі күресті тоқтатуға және басқа адамдармен өмір сүруге, жұмыс істеуге және үйлесімді қарым-қатынас орнатуға қолайлы жағдайлар жасай отырып, өзіңізге көмектесуді үйренуге мүмкіндік береді.

## Түпқараған ауданы, Баутин ауылы тұрғындарының НАЗАРЫНА!

«Баутин ауылы әкімінің аппараты» ММ-сі, әкімшілік- аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, нақты ату, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулысына және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» заңының 14-бабының 2) тармақшасына сәйкес Баутин ауылының атауын өзгертуге байланысты, ағымдағы 2024 жылдың 04 шілде күні сағат 15.00-де Баутин ауылы, Ж. Мыңбаев мектеп-гимназиясында жергілікті қоғамдастық жиналысы өтетіндігін хабарлайды.

«Баутин ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.  
№216

## ХАБАРЛАНДЫРУ!

Түпқараған ауданының Қоғамдық кеңесі, «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 3 (үш) бос орындарға қосымша конкурс жариялайды. Конкурсқа құжат тапсыру уақыты 2024 жылдың 5 маусым -18 маусым аралығы. Қажетті құжаттар мен кандидатураларға қойылатын талаптардың толық нұсқасымен GOV.KZ ресми интернет ресурстарының Түпқараған аудандық мәслихаты бетшесінен және Facebook әлеуметтік желісінің «Түпқараған аудандық мәслихаты» бетшесінен таныса алатындарыңызды хабарлайды.

Сұрақтар бойынша байланыс телефоны: 8 708 313 85 70  
Электрондық пошта: Kogamdykkenes2020@mail.ru  
№217

## Құрметті оқырмандар!

«Маңғыстау-Медиа» ЖШС басылымдарына жарнама, хабарландыру беру немесе ақпарат алу үшін мына байланыс телефондарына қоңырау шалсаңыз болады.  
87781459093. 8(7292)204842. 8(7292)204834.  
pr@ogni.kz

ТӘРБИЕ - ТАЛ БЕСІКТЕН

# ОТБАСЫНДА ӘКЕНІҢ ОРНЫ ҚАНДАЙ?

**Әрбір отбасында ана мен әкенің ыстық махаббатына бөленіп, аялы алақанның жылуын сезініп өскен балаға одан асқан қуаныш барма? Абайтанушы Омар Жалел дәстүрлі тәрбиесінде бала анасынан мейірімділік пен даналықты сіңірсе, әкесінен өжеттік, батылдық сияқты қасиеттерді бойына сіңіреді.**

«Әке – асқар тау, ана-баурайындағы бұлақ, бала-жағасындағы құрақ»-деген бір ауыз сөзге бүкіл тәрбиенің бастауын қазақ атамыз сыйғызса білген. Бала бойындағы жақсылы-жаманды қасиеттерін байқаса, қазақ оны ең бірінші әке мен ата тәрбиесінен көреді, тегіне тартқан дейді. «Әкесі сондай адам еді, атасы жақсы адам, көргенді бала» деп ер адам тәрбиесін ауызға алады. Өйткені әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оның жақсы тәрбиесі. Ал әке мектебінен өткен бала сол мұраға қиянат жасамауға тырысқан. Баласы 14-15 жасқа келгенде атқа мінгізіп, алыстағы аузы дуалы ақсақал қарттарға сөлем беріп кел деп жіберетін дәстүрдің ұмыт қалғаны өкінішті. Біріншіден, баланы сынға салып, екіншіден, көпті көрген көнекөз, көкірегі қазыналы қарттардың еңгімесіне қанығудың берері мол еді. Тарихта болған жайларды, бабалар ерлігін жырлап, шежірені тарқата айтатын дана қариялар қазақтың маңдайына біткен кең де дархан даланың қасиетін сезіндіріп, бабалардың ерлігі мен көреген саясатының арқасында оның ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалғанын бала жүрегіне жеткізе білген еді. Сондықтан дәстүрлі қазақ қоғамында тәрбие алған қазақ баласының әкеге деген құрметі ерекше болатын. Жүзінен мейірім төгіліп тұрмағанмен, қас-қабағынан бәрін түсініп өскен бала әке қараңынан сескеніп жүретін. Әке тәрбиесі деген осы еді. Асқар таудай әкесін пана тұтқан бала қорқақ болмайды. Ана атты бұлақтың мейіріміне қанып өскен бала өзге де мейіріммен қарайды. – Бұхар жырау «Әкелі бала – жажүрек, жиын тойға барады, төрден орын алады, бітіреді жұмысын, тастан да өткізер жебесін» дейді.



Өзіне қорған болған әкесінің арқасында алшаң басып, бар шаруасын бітіріп, алдына кездескен кез-келген қорғанды бұзуға дайын болады.

«Әкесіз бала – сужүрек, жиын тойға барады, босағада қалады» дейді. Яғни, жасқаншақ болатынын меңзеп тұр. Сондықтан біз бала тәрбиесінде әкенің қаншалықты маңызды рөл ойнайтынын білгеніміз жөн. Бірақ қазақ өз құндылықтарына қайтып оралмайынша, әкенің отбасындағы рөлі төмендей бермек.

Қазіргі қоғамда әке орны төмендеп бара жатқан жоқ па? Әкелердің арасында «ақылмен жүріп, анық басып», ұрпағын тәрбиелеп өсіріп, абырой-беделмен жұртшылыққа үлгі-өнеге болып жүргендер жетерлік. Отбасында ұлағатты өсиеттің орнына мағынасыз, тәрбиелік мәні жоқ бос сөздердің айтылып, ұл-қыздың көз алдында арақтың да ішіліп, темекі де тартылып көк түтіннің де будақталғанын, ең сорақысы «ананды» деп боқтық айтатын «жетесіз» әкелерді де көріп қынжыламыз.

Ішіп алып төнтіреп көше кезген, әйел ананың тапқан табысымен күнелтіп, үйкүшік масыл болып отырған ер азаматтар қаншама? Осындай теріс тәрбие көріп өскен баланың болашағына балта шабылады «Алма алма ағашынан алысқа түспейді», – дегендей, осы сорақы қылықты көріп өскен бала ертең оны қайталайды.

Отбасының діңі, темірқазығы – ер адам. Үй-ішінің жайлы өмір сүруі, бала-шағаның тәртіпті болып өсуі – отағасының ақылы мен еңбекқорлығына байланысты. Әйел қанша табыс тапсын, онымен ол кейбір жыртқыт жамауы мүмкін, бірақ отбасының көсегесін көгерте алмайды. Ал еркектің тапқан кішкене нәпақасының шаңырақтың шаттығын асырып, іргелі іске жұмсалып жататындығын өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Сондықтан әйел үйінің берекесін келтірсе сол берекеге берік негіз қалайтын ер адам екенін ұмытпайық! Әке мықты, көрегенді болса, одан тамыр тартқан бала да жалынды, жігерлі, ер жүректі болып өседі. Отбасындағы әке-шешенің, қоғамдық ортаның

талап-тәртібі күшейтілмей, саналы тәртіп те, сапалы, мағыналы өмір де болмайды.

Әкелер баласымен бірге ойнап, бірге серуендеп, бірге қыдырып, әртүрлі тақырыпта баласымен әңгімелесіп, оған ерте жасынан бастап жақсы қасиеттерді қалыптастыруы тиіс. 3-4 жасынан бастап жасаған қылықтары үшін жауап беруге үйретіп, 4-8 жасында әке сенімді серігіне, 8-18 жаста нағыз тәлімгеріне айналуы керек. Ұл бала қандай әрекет жасаса да әкесімен ақылдасып, сырласады.

Данышпан Жүсіп Баласағұни ер бала тәрбиесінде әкенің орнын ешкім алмастыра алмайды. Оның бейбастақ болып өсуіне кінәлі әке, жазығы жоқ ұлының» деген өлең жолдары осыны дәлелдеп тұр емес пе?!

Бірде қарт Құнанбай баласы Абайды шақырып: «Балам, сен әкеңе жете туғансың ба, өте туғансың ба?» деп сұрайды. Сонда Абай: «Әке, мен өте туғанмын, өйткені мен ақын болдым» деген екен. Аз ғана ойланған дана Құнанбай: «Жоқ, сен маған жете тудың. Өте туу үшін Абай секілді бала тәрбиелей алуың керек» деп жауап берген екен.

Француздың философ-жазушысы Жан-Жак Руссо былай депті: «Өмірге ұрпақ келтіріп, оны асырау арқылы әке өз міндетінің үштен бірін ғана орындайды. Ол адамзатқа адам, қоғамға қызметкер, мемлекетке азамат беруге міндетті. Осынау үш міндетті орындауға қабілетті бола тұра, кімде-кім оны орындамаса – айыпты».

Баланы дұрыс бағытқа бағдарлау көп жағдайда әкеге байланысты болмақ. Әке тәрбиесін алған ер бала қажырлы, ер мінезді болып өседі, ал әкесін үлгі тұтқан қыз бала өзінің ертеңгі өмірлік серігі болатын жолдасын таңдауда қателіктерге ұрынбайды.

Әке тәрбиесі ұл балаға өте керек «Әке көрген оқ жонар» деген сөздің тамырына үнілсек үлкен тағылым жатыр. Сондықтан отбасында ұлға әке болудың жолын көрсететін оның жауапты міндет екендігін түсіндіретін мықты тәрбие керек. Ұлға ұлағат қашанда әкеден екендігін есте ұстайық!

Айгерім ҚОСЫМБАЕВА,  
Форт-Шевченко мектеп-лицейінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.



## СПОРТ

Ақшұқыр ауылдық балалар және жасөспірімдер спорт мектебінде «Түпқараған Барысы» іріктеу жарысы өтті.



## ТҮПҚАРАҒАН БАРЫСЫ – ЗАМАНБЕК

Шараға Маңғыстау облыстық дзюдо федерациясының вице-президенті, спорт ардагері Қанат Жұмабаев, Маңғыстау облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының спорт бөлімінің басшысы Рысгүл Түгелбаева, аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Шолпан Нұрғалиева, аудандық мәслихаттың депутаты Максим Майшаев, аудандық Адалдық алаңы жетекшісі Данияр Әкімжанов қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

- Спортты серік еткен күнде ғана ертеңіміз жарқын, болшағымыз айқын болары сөзсіз. Егемен еліміздің еңсесін биіктетіп, жеңісті күндерде жолығайық! Бүгінгі Түпқараған барысына қатысушыларға сәттілік тілейміз, - деді қадірлі қоңақар.

Ауданда «Түпқараған барысын» анықтау мақсатында өткізілген жарысқа 7 палуан қатысып, қорытындысында Заманбек Ходжаназар лайық болды. Сондай-ақ, 2 орынды – Нұрболат Бердімұрат иеленсе, 3 орынды Қайрат Серікұлына бұйырды.



## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ

## ЖАҒАДА ЖАЗҒАН ЖЫРЛАРДАН...

Ауданда ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі, «Ақпарат саласының үздігі» және «Халық алғысы» төсбелгілерінің иегері Анар Шамшадинаваның шығармашылық кеші өтті. Шараға аудан әкімі Рахат Елтизаров, өнер сүйер қауым, сондай-ақ, Ақшұқыр ауылының тұрғындары мен қоңақтары қатысты.

Ақынның шығармашылық кеші оның өлеңдеріне құралған поэтикалық қойлыммен басталды. Одан әрі Анар Шамшадинавамен сұхбат құрылып, шығармашылығы жөнінде сөз қозғалып, «Сен келерсің бір күні» атты кітабының тұсаукесер рәсімімен жалғасты.

Ақын Маңғыстау ақындары мен жазушыларының кітапхана аясында жарық көрген «Жанар», «Өзіңсіз күндер», «Жоқсың сен», «Тамызда қайтып оралшы» сияқты өлеңдер жинағының авторы. Сонымен қатар, оның өлеңдері Әзірбайжан, орыс, испан, қырғыз және түрік тілдеріне аударылған.

Кеш соңында аудан басшысы Рахат Елтизаров құттықтау сөз сөйлеп, шығармашылық табыс тіледі.

- Бүгінгі Маңғаз Маңғыстаудың ақын қызы Анар Шамшадинаваның шығармашылық кешіне қош келдіңіздер. Анар Амангелдіқызы – рухани қазынамыз – өнер мен әдебиетті қашан да жанына серік еткен ақын. Поэзия әлемінде өз орнын тауып,



қырман қауымның ыстық ықыласына бөлену ақын үшін шын бақыт. Осындай бақытқа бөленген жанның бірі өзіңіз деп білемін! Өңіріміздің мәдени, әдеби өміріне етене араласып, қоғамдық шараларға өз үлесіңізді қосып жүрген тұлғасыз. Сол үшін Сізге Түпқараған ауданының жұртшылығы атынан алғыс айтамын! Қаламыңыз мұқалмай, әрдайым адамдық абыройдың биігінде болыңыз, - деді Р. Елтизаров. Сонымен бірге ауыл тұрғындары да өздерінің ризашылықтарын білдірді.

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Ап-Нафта Оперейтинг» ЖШС-гі экологиялық бағалау материалдары бойынша (Атмосфераға рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобалары, «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі, қоршаған ортаны қорғаудың өндірістік бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, іс-шаралар жоспары) «Алатөбе ауданында жобалық тереңдігі 2200 (+250м) АЛ-1 барлау ұңғымасын салудың техникалық жобасына» қоғамдық тыңдаулар өткізуде.

Қоғамдық тыңдау 2024 жылғы 11шілде сағат 15.00-де Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауыл округі, Таушық ауылы, Х.Елмұханбетов көшесі №6, акт залында өтеді.

Маңғыстау облысында карантиндік режим жарияланған жағдайда қоғамдық тыңдаулар ZOOM интернет-платформасында бейнеконференция арқылы өтеді <https://us06web.zoom.us/j/4165591927?pwd=yLHOBeOlwO4v4gPtxq9xQKUqHwDIN.1&omn=84130718940>

Конференция идентификаторы: 416 559 1927

Кіру коды:12345

Өзірлеушінің аты және байланыс ақпараты: «СУИС РК» ЖШС-і, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы 101 а. Телефон: +77122755777.

Жоспарланған іс-әрекеттің бастамашысы: «Ап-Нафта Оперейтинг» ЖШС-і, БСН 151140012039, Қазақстан Республикасы, Атырау қ., Канцева көшесі 7.

Жергілікті атқарушы органның атауы, электрондық поштасы және пошталық мекен-жайы -Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, пошталық мекен-жайы: Ақтау қаласы, 14 шағын аудан, 1-ғимарат, тел.: 8 (7292) 431088, электрондық пошта: moupr@mangystau.gov.kz – ескертулер мен ұсыныстар үшін.

Бірыңғай экологиялық порталдың және жобалық құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы: ecoportal.kz және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-ecoportal>.

## ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «Ап-НафтаОперейтинг» проводит общественные слушания по материалам экологической оценки (Проект нормативов допустимых выбросов в атмосферу, Раздел «Охрана окружающей среды», Программа производственного экологического контроля, Программа управления отходами, План мероприятий) к «Техническому проекту на строительство поисковой скважины АЛ-1 на участке Алатөбе с проектной глубиной 2200(+250м)».

Слушания состоятся 11.07.2024 года в 15.00 часов по адресу: Мангистауская область, Түпқарағанский район, Таушықский с.о., с.Таушық, ул.Х.Елмұханбетова №6, Акт залы.

В случае объявления карантинного режима на территории Мангистауской области, проведение общественных слушаний пройдет посредством видеоконференции на интернет-платформе ZOOM, <https://us06web.zoom.us/j/4165591927?pwd=yLHOBeOlwO4v4gPtxq9xQKUqHwDIN.1&omn=84130718940>

Идентификатор конференции: 416 559 1927

Код доступа: 12345

Наименование и контактные данные разработчика: ТОО «СУИС РК», г.Атырау, проспект Азаттық 101 а. Телефон +77122755777.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Ап-НафтаОперейтинг», БИН 151140012039, Республика Казахстан, г.Атырау, ул. Канцева 7.

Наименование местного исполнительного органа, электронный и почтовый адрес: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области, почтовый адрес: город Ақтау, 14 мкр, 1 здание, тел.: 8 (7292) 431088, электронный адрес: moupr@mangystau.gov.kz – для замечаний и предложений.

Адрес интернет ресурса единого экологического портала и местного исполнительного органа, где размещены документация проекта: ecoportal.kz и <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-ecoportal>.

№215

Меншік иесі:



Директор –  
Гүлмира ӘБИШЕВА

Қабылдау бөлімі,  
тел./факс: 20-48-34,  
mangystau.media@mail.ru



**Ақкетік**  
**арайы**

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 06.02.2013 ж. тіркеліп, №13362-Г куәлігі берілген.

Редактор –  
Милана ЕЛЕУСІНОВА

Газет «Маңғыстау - Медиа» ЖШС ақпарат және дизайн орталығында беттеледі

Беттеуші дизайнер –  
А.РАБАЕВА.

«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. 060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А.  
Тел: 8 7122 458-660, 586-392.



- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді. Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
- Тақырыптық суреттер галамтордан алынады

Таралымы: 843. Индекс: 65809.  
Тапсырыс нөмірі: 0652  
Газеттің бағасы келісімді

### АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

4 МАУСЫМ  
түнде: +7 | күндіз: +11

5 МАУСЫМ  
түнде: +6 | күндіз: +12

6 МАУСЫМ  
түнде: +7 | күндіз: +13

7 МАУСЫМ  
түнде: +7 | күндіз: +13

8 МАУСЫМ  
түнде: +7 | күндіз: +14